

Бекітемін: Аманжол

Мектеп директоры: Л.Ж. Аманғалиева

28.08.2021 и

Келісемін Дүйсеғалиева

Директордың тәрбие ісі жөніндегі
орынбасары: Дүйсеғалиева.Ә.Т

Қарасу негізгі мектебі

Балалар және театр үйірмесінің жоспары

Үйірме жетекшісі: Жолшарова А.С

2021-2022 оқу жылы

Түсінік хат

Оқушылардың тілі мен ойлау қабілетін қалай дамытуға болады? Сөздің сырын түсінуге қалай үйрету керек? Әлемді тануға, елгезектік пен қайырымдылық, біреудің қайғысына ортақтаса білу мен барлық тіршілік иесін жақсы көруге қалай үйрету керек?

Эмоционалдық ұялшақтықтан, қысылып-қымтырылудан арылу мен сөзді, образды сезіне білу мен кейіпкерге ене білуді үйренудің ең дұрыс жолы - бұл ойын қиялдау мен құрастыра білу. Мұның барлығын да театрландырылған үйірме бере алады. Аталмыш бағдарламада балалар театры тек қана көркемдік нәтижеге жету құралы , яғни спектакль қою ретінде ғана қарастырылмайды. Сонымен қатар, театр өнерімен шұғылдану оқушылардың ойлау қабілеті мен таным қызығушылығын белсендіруі, қиялы мен елесін оятуы, ана тіліне деген сүйіспеншілігі мен жанашырлығын оятуы өте маңызды.

Үйірме - оқушылардың іс- әрекетінің сабақтан гөрі басқа бір түрі. Оқушы дайын сабақты алумен шектелмейді, ол сондай-ақ, оны жасайды, өзі құрастырады. Үйірмеде балалар назары мәселені өздері қоюға, ойлану мен жетекші көрсетіп берген бағытта өздік жұмыстарын дамытуға , таным қабілеттерін дамытуға бағытталады. Олар тапсырманы орындауда жеке, ұжымдық жұмыстарды жасай отырып, қажетті құралдар мен әдіс-тәсілдерді өздері таңдайды.

Сенімділік, оқушылар мен жетекшінің біріккен қызметі, дидактикалық материалмен бірігіп жұмыс жасау, өнердің басқа түрлерімен байланыс, бәрі- оқушының жеке тұлғасының дамуына әсер етеді.

Үйірме – бұл мұғалімнің оқушылармен әріптестік қатынаста және нәтижеге қол жеткізуі үшін жұмыс жасауына арналған. Бұл технология қатысушыларды ізденімпаздыққа, таным мен өзін-өзі тануға бағытталған. Үйірменің өз жұмыс мақсаты мен міндеттері бар. Сезіну, елестету, көру, тапсырманы орындау, содан соң ізденімпаздықты ұйымдастыру – жетекшінің тілеген әрекеттері міне, осылар. Оқушының үйірмеге ұмтылысын күшейтетін нәрселер – өз идеяларын ұсыну, жарнамалау, өз жұмысының нәтижесін көру. Үйірме жұмысы үнемі өз жұмысын талдаумен, өз әсерімен бөлісумен аяқталып отырады

Күтілетін нәтижелер:

Оқу жылының аяғына қарай оқушы:

Біледі:

Театр деген не?

Театр басқа өнер түрлерінен несімен ерекшеленеді

Театр неден пайда болды?

Театрдың қандай түрлері бар? (Қуыршақ, драмалық, опера, балет, музыкалық комедиялар, халықтық)

Театр қойылымдарын (спектакльдерді) кімдер жасайды?

Түсінігі болады:

Сахнаның негізгі техникалық құралдары жөнінде

Сахнаның безендірілуі жөнінде

Сахна мен көрермен залында өзін – өзі ұстау ережелі туралы

Үйренеді:

Өзінің өмірдегі құбылыстарға қатынасын сахнада көрсетуді

Бейнелі ойлауды

Назарын аударып білуді

Өзін сахна кеңістігінде сезінуді

Таланттарын үстемелейді:

Кейіпкермен (сыныптастармен) сөйлесу

Қарапайым актер шеберлігі

Қоршаған әлемді бейнелі қабылдау

Сыртқы зиян келтірушілерге дәл, бейнелі әсер ету

Ұжыммен жұмыс

Сондай-ақ, артық ұялшақтықтан, қоғамнан қорқудан, «сыртқы көзқарастан» қысылудан арылады, тіл табысқыштық, ашықтық, қоршаған ортаға қамқорлық, ұжым алдындағы жауапкершілік қасиеттерін алады.

«Балалар және театр» үйірмесінің тақырыптық жұмыс жоспары

№	Тақырыбы	Бағдарламаның мазмұны	Күні	Айы	Сыныбы	Сағат саны
1	Театр ережесімен таныстыру.	Театр-туралы балаларға алғашқы түсінік беру және театр түрлерімен таныстыру.	2,4,8	Қыркүйек	4-9	3
2	«Театр біздің әлеміміз»	Сурет байқауы.	11,15,16	Қыркүйек	4-9	3
3	«Көше тәртібі-өмір сүру тәртібі»	Рольдік ойындар	18,22,23	Қыркүйек	4-9	3
4	«Қарттарым асыл қазынам»	Қойылым «Әке мен бала»	29,30,2	Қазан	4-9	3
5	«Әдеп пен мәдениет»	«Әдеп пен мәдениет» тақырыбында шығармалармен танысу. Жағымсыз іс-әрекеттер тақырыбында әңгіме өткізу	6,7,9	Қазан	4-9	3
6	«Күз береке молшылық»	Күзгі мерекелік қойылым	13,14, 16,20	Қазан	4-9	3
7	Диалог	Диалог-сөйлеу түрімен таныстыру. Дыбыстық еліктеуге, ым, ишара арқылы сөйлеуге үйрету. Диалог.	21,23,27,2 8	Қазан	4-9	3
8	«Бауырсақ» ертегісін түсіндіру.	Ертегі кейіпкерлерінің суреттерімен таныстыру. Суретті көрсете отырып, ертегінің мазмұнын айту. Балалардың ынтасына қарай рольдерге бөлу.	3,4,6,10	Қараша	4-9	3
9	«Бауырсақ» ертегісін сахналау	Кейіпкерлердің дауыс ырғағын келтіре отырып, образға еніп диалог түрінде сөйлеу дағдысын үйрету. Ертегіні орындау	11,13,17,1 8	Қараша	4-9	3
10	Ойыншық театры Мақтаншақ қоян	Ертегі кейіпкерлерінің дауыс ырғағын, іс-қимылын сөздік образын ойыншық арқылы көрсете білу	24,25,27	Қараша	4-9	3
11	Тәуелсіз Қазақстан	Тәуелсіздік туралы түсіндіру, әңгімелеу.	1,2,4,8	Желтоқсан	4-9	3
12	«Тәуелсіздік-теңдігіміз!»	Әдеби сазды қойылым	9,11,15, 16	Желтоқсан	4-9	3

13	«Жаңа Жылым- Жаңа Күнім»	Жаңа жылдық қойылым	18,22,23,25	Желтоқсан	4-9	3
14	«Құйыршық» ертегісі	Ертегімен таныстырып, сурет арқылы мазмұнын айтып беру. Ертегі кейіпкерлерінің дауыс ырғағын, көңіл күйін, іс-қимылын айта білуге үйрету.	5,6,8 Каникул кезінде	Қаңтар	4-9	3
15	Мақтақыз бен мысық ертегісі	Ертегіні дауыс ырғағын келтіре отырып балаларға мазмұндап беру,зейін қойып тыңдау,рөлдерге бөліп орындауға үйрету.	12,13,15	Қаңтар	4-9	3
16	Ертегіні сахналау	Кейіпкерлердің дауыс ырғағын келтіре отырып, образға еніп диалог түрінде сөйлеу дағдысын үйрету.Ертегіні орындау	19,20,22	Қаңтар		3
17	Үстел үсті театры:Кім күшті?	Мәтін бойынша қимыл қозғалыс арқылы кейіпкерлердің көңіл күйлерін көрсете білуге,үстел үстінде қуыршақты жүргізе білу техникасына үйрету	26,27,29	Қаңтар	4-9	3
18	«Қызыл телпек»орыс ертегісі	Ертегінің мәтінімен таныстырып, мазмұнын айтып беру.	2,3,5	Ақпан	4-9	3
19	Ертегіні түсіну	Балаларға рөлдерді бөліп беру.	9,10,12	Ақпан	4-9	3
20	Ертегіні рөлге бөлу	Кейіпкерлердің дауыс ырғағын келтіре отырып, образға еніп сахналау	16,17,19	Ақпан	4-9	3
21	Ертегіні сахналау	Қойылымға дайындау.	23,24,26	Ақпан	4-9	3
22	«Мерекеңмен- Анашым»	Мерекелік ән шашу.	2,3,5	Наурыз	4-9	3
23	«Наурыз думан»	Салт дәстүрді дәріптеуге арналған қойылым	16,17,18	Наурыз	4-9	3
24	«Батаменен ел көгерер»	Бата түрлерімен таныстыру,жаттау.	26,30,31	Наурыз	4-9	3
25	«Әрқашанда күліп жүрейік»	Қожанасырмен таныстыру. Қойылымға дайындалу,көрсету.	2,6,7	Сәуір	4-9	3
26	Әңгімелермен танысу	Екі дос әңгімесі.Сахналау. Әңгімені сахналауға үйрету	9,13,14	Сәуір	4-9	3
27	«Маша мен аю»	Ертегімен таныстыру,мазмұнын түсіну	16,20,21	Сәуір	4-9	3

28	«Маша мен аю»	Ертегіні сахналау	23,27,28	Сәуір	4-9	3
29	«Достығымыз жарасқан»	Халықтар достығы күнімен таныстыру Мерекелік қойылым	30,4,	Сәуір	4-9	3
30	«Жеңіс туы желбіре»	Жеңіс күнімен таныстыру Қойылым дайындау	5,	Мамыр	4-9	3
31	Сарбазым ән салшы	Көркем сөз,ән байқауы	11,12,14	Мамыр	4-9	3
32	Ойыншық театры «Лақ пен қасқыр»	Кейіпкерлердің дауыс ырғағын келтіре отырып образға еніп диалог түрінде сөйлеуге үйрету	18,19,21	Мамыр	4-9	3
33	Ертегіні ойыншықтар арқылы жүргізу,ойнау	Кейіпкерлердің дауыс ырғағын келтіре отырып,ертегіні орындауға үйрету	25,26,28	Мамыр	4-9	3
34	Қорытынды	Жыл бойғы өткенді қайталау Балаларды марапаттау	25,26,28	Мамыр	4-9	3
	Барлығы					102